

ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ АХУАЛДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ РӨЛІ

ӘОЖ 327

Аңдатпа. Мақалада жаңа жаһандық ахуалда экономикалық дипломатияның рөлі мен маңызы қарастырылады. Халықаралық қатынастардың заманауи жүйесінде басым түсіп отырған экономикалық факторға байланысты, сыртқы саясаттағы «жұмсақ» және «қатты» әсер ету тәсілдерін қиыстыратын экономикалық дипломатия феноменінің өзектіленуі айтылады. Мемлекеттің сыртқы саясатының маңызды құралы болып табылатын экономикалық дипломатияның өзектіленуінің басты факторына айналған жаһандану үдерісінің ықпалы айрықша назарда ұсталады. Автор халықаралық жүйенің қазіргі ахуалын геэкономика мен геосаясаттың қоспасы немесе геэкономика-геосаясаттық әлем тәртібі ретінде қарастыра отырып сипаттайды. Бұл тәртіп дәстүрлі геосаясаттың белгілерін сақтай отырып, әлемдік саясатта экономикалық факторлардың ықпалының өсуіне бейімделеді.

Тірек сөздер: экономикалық дипломатия, жаңа жаһандану ахуалы, жаһандану, сыртқы саясат, «ақылды күш», геэкономика-геосаясаттық әлем тәртібі.

Аннотация. В данной статье рассматриваются роль и значение экономической дипломатии в новой глобальной реальности. Отмечается актуализация феномена экономической дипломатии, комбинирующей «мягкие» и «жесткие» способы воздействия во внешней политике, в связи с преобладанием экономического фактора в современной системе международных отношений. Особое внимание уделяется влиянию глобализационных процессов как одного из главных факторов актуализации экономической дипломатии в качестве важного инструмента внешней политики государства на современном этапе. Автор характеризует современное состояние международной системы как сплав геэкономии и геополитики или геэкономико-геополитический миропорядок, который, сохраняя черты традиционной геополитики, адаптируется к всевозрастающему влиянию экономических факторов в мировой политике.

Ключевые слова: экономическая дипломатия, новая глобальная реальность, глобализация, внешняя политика, «умная сила», геэкономико-геополитический миропорядок.

Abstract. This article examines the role and significance of economic diplomacy in the new global reality. The reference is made to the actualization of the economic diplomacy phenomenon combining "soft" and "hard" ways of influencing foreign policy, in connection with the prevalence of the economic factor in the current system of international relations. Emphasis is placed on the influence of globalization processes as one of the main factors of economic diplomacy actualization as an important instrument of the state's foreign policy at the present stage. The author characterizes the current state of the international system as an alloy of geo-economics and geopolitics or a geo-economic-geopolitical world order that, while preserving the features of traditional geopolitics, adapts to the ever-increasing influence of economic factors in world politics.

Keywords: economic diplomacy, new global realities, globalization, foreign policy, smart power, geoeconomico-geopolitical world order.

Г.М. АРЫСТАНҚҰЛОВА¹

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия институты, докторант

Жаңа жаһандық ахуал әлемде саясатты экономизациялау және экономиканы саясаттандыру процестері күшейе түскендігі туралы пікірді растайды. Бұл ретте, мемлекеттер өз сыртқы саясатын жүзеге асыруына және ХХІ ғасыр болмысына неғұрлым жоғары дәрежеде сәйкес келетін құралды іздеуге бүгінде қатаң талаптар қояды.

Сыртқы саясатта дипломатиялық және экономикалық әсер ету тәсілдерін араластырып отыратын осындай құралдардың бірі болып экономикалық дипломатия табылады. Дипломатияның дәл осы түрі, өзінің теориялық және қолданбалы аспектілерінде халықаралық қатынастарда саясат пен экономиканың өзара байланыстарының неғұрлым толық сипаттамасын береді.

Халықаралық ортаның эволюциясын және жаңа акторлардың халықаралық сахнада пайда болуын ескеріп, және әртүрлі тәсілдерді негізге ала отырып, біз экономикалық дипломатия ұғымын қазіргі экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін саяси тетіктерді пайдалану жолымен немесе экономикалық құралдар көмегімен саяси мақсаттарды іске асыру үшін халықаралық қатынастар жүйесінде түрлі акторлармен өткізілетін шаралар кешені деп түсіндеміз.

Экономикалық дипломатия өзектілігі бірінші кезекте қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінде экономикалық фактордың басымдылығымен байланысты. Бұл әлемдік дамуда жаһандану мегатрендімен расталады, оның басты қозғаушы күші тап осы

экономика болып табылады. Сондықтан жаһандандудың жаңа жағдайындағы экономикалық дипломатияның ерекшеліктерін зерттеуге тікелей өтпестен бұрын, ең алдымен, осы құбылысқа қысқаша сипаттама берген жөн.

"Жаһандану" терминін ғылыми айналымға 1980-жылдар ортасында америкалық экономист Т. Левитт енгізді. Ғалым бұл терминді жеке өнімнің нарықтарын біріктіру құбылысы деп түсіне білді. "Жаһандану" термині өзінің одан әрі дамуы мен жаппай таралуын американдық, әлеуметтанушы Р. Робертсонның жұмыстарында орын тапты, ол бұл феноменде тарихи ұзақ процесті қарастырған. Ол "бірлікке немесе жаһандық біріздендіруге қарай қозғалып келе жатқан әлем, әлемнің біртұтас әлеуметтік-мәдени объект ретінде өсіп келе жатқан тұтас әлем..." әрекеті түрінде анықтаған [1].

Осы сәттен бастап "жаһандану" термині саясат, саясаттану, журналистика, әлеуметтану салаларында уақыт өткен сайын қарқынды түрде пайдалана басталды. Кейбіреулер бұны "қырғи қабақ соғыстың" аяқталуымен, ұзақ кезеңге созылған екі блок АҚШ және КСРО арасындағы қарсыластықтың жойылуымен байланыстырады.

Саяси бұрмалағыштықтың ауқымдылығына байланысты әлемдік саяси ғылымда жаһандануға қатысты біртекті позиция жоқ, кейбіреулер оны игілік ретінде қарастырады, басқалары барынша оған қарсы шығуға шақырады. Жаһандану феномені туралы пікір айырмашылықтары – гиперглобалисттерден және трансформисттерден скептиктер мен антиглобалисттерге дейін айтарлықтай ауқымды, сан алуан.

Осы тұрғыда біз А.Х. Арыстанбекованың «жаһандану халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатқа ықпал ете отырып, сыртқы саяси қызметін жүзеге асырушы басты құралы және халықаралық сахнадағы мемлекеттің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуші дипломатияға да әсер етеді. XX ғасыр дипломатиялық қызметі көпжақты дипломатияның қарқынды дамуымен, жаңа технологиялар мен ақпарат және коммуникация құралдарының пайда болуымен, халықаралық қатынастарға қатысушылардың, әсіресе мемлекеттік емес қатысушылардың, күрт көбеюімен, жоғарғы және жоғары деңгейде дипломатияның жандандыруымен байланысты жаңа нысандары мен әдістерін енгізді", – деген пікірімен келісеміз [2].

Ғылыми ортада және саясаткерлердің арасында жаһандануға қатысты полярлық ұстанымның бар болуына қарамастан, іс жүзінде оның бар екендігіне ешкім дауласа

алмайды. Демек, жаһандану мемлекеттің талаптарына және оған ілеспе құбылыстарға жауап беруі тиіс.

Іс жүзінде әлемнің барлық елдері жаһандану жағдайына бейімделуге қажеттілігін түсінеді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «инклюзивті жаһандандудың» ерекше жолын ұсынды, онда әр елдің дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруына экономикалық өсу тиімді өзгертін болады. Тек осындай әлемдік экономиканың өсуі тұрақты болады, және оған ұмтылу керек. "Бұл ғаламдық деңгейде бірлескен күшті және ұлттық экономикалардың іс-әрекетті үйлестіру деңгейінде талап ететін ұзақ, күрделі және ауыр трансформация жолы" [3].

Инклюзивті жаһандану түсінігі жаңғырту жолын көздейді, осы жаңғырту жолы кезінде әлеумет өзінің жеке даму жолдарын айқындайды. ҚР Президентінің айтуынша, инклюзивті жаһандану, сондай-ақ экономикалық өсудің түрлендіруін, елдің дамуы мен «бұқара халықтың әл-ауқатын арттыруын көздейді» [4].

Аталған жаһандану феномені қазіргі заманғы мемлекеттің сыртқы саясатындағы маңызды құралы ретінде саналатын экономикалық дипломатияны көтерудегі ынталандырушы болып табылады. Дипломатияның экономикалық түрінің маңыздылығы әлем мемлекеттерінің едәуір санының, Қазақстан Республикасын қоса алғанда, сыртқы саясат тұжырымдамалары мен стратегияларында бекітілген. Қазақстанның 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында былай делінген: "Республика экономикалық және сауда дипломатиясын дамытады, мемлекеттің және қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың шетелде мүдделерін ілгерілету мен қорғауды дипломатиялық құралдармен қамтамасыз етеді, жаңа және дәстүрлі әлемдік нарықтарда қазақстандық бизнес пен экспорттық өнімдерге қолайлы жағдайлар жасайды" [5].

Осылайша, экономикалық дипломатияның тікелей рөліне қайтып, келесі мәселені анықтауды ұсынамыз: ол мемлекеттердің жаңа ахуалға бейімделуі үшін қалай көмектеседі және жаһандану оған қандай тікелей талаптар қояды.

Ең алдымен, экономикалық дипломатия ғаламдану процестерінің күшіне қарай мемлекеттерге халықаралық қатынастардың толыққанды акторлары болып табылатын түрлі халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі (ең алдымен экономикалық қатынас). Бұл халықаралық институттар қазіргі әлемнің және, тиісінше, оның дамуының геоэкономикалық

архитектурасын айқындайды. Олардың қатарына көптеген аймақтық құрылымдарды жатқызуға болады. Посткеңестік кеңістікте ЕАЭО, Латын Америкасында МЕРКОСУР, Солтүстік Америкадағы НАФТА, Азияда АСЕАН, ЭКОВАС (Батыс Африка) және т.б. Экономикалық дипломатия өзінің кең спектрлі құралдары мен мүмкіндіктерімен елдерге осындай ұйымдарда толыққанды қатысуға және олардың аясында өзінің ұлттық мүдделерін ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Экономикалық дипломатия жаһандану жағдайында мемлекеттердің халықаралық аренада өздерінің экономикалық мәселелерін шешулеріне ықпал етеді, бұған әр елдің әлемдік қауымдастыққа тартылу дәрежесі байланысты болады. Осылайша, экономикалық дипломатия мемлекеттерге ұлттық экономиканың өсуінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Осыған келесі мысал кәуе болады, жыл сайын Швейцария экономикалық институты мемлекеттердің «жаһанданушылық индексіні (Index of Globalization)» жариялайды, онда әртүрлі параметрлер бойынша (саяси жаһанданушылық, әлеуметтік жаһанданушылық, экономикалық жаһанданушылық) жаһандану процестеріне тартылуына сәйкес елдердің рейтингісі жасалады [6]. Біздің ойымызша, бұл индекс мемлекеттердің қазіргі заманғы ахуалға қаншалықты бейімделгенін көрсетеді.

Экономикалық дипломатияға деген сұраныстың артуының тағы бір факторы болып жаһанданумен байланысты өзгерістерге ұлттық экономикалардың жоғары сезімталдылығы, қабілеттілігі табылады. Жаһандану жағдайында ел экономикасы "сыртқы құбылыстарға" анағұрлым сезімтал болады, сондай-ақ оның әлемдік саяси-экономикалық процестер конъюнктурасына тәуелділігі артады.

Сонымен қатар, экономикалық дипломатия әлемдік экономикалық дамуда қарама-қайшы үрдістерді еңсеру үшін де пайдаланылады. Бұл жерде, ең алдымен, ағымдағы халықаралық еңбек бөлінісі жүйесі және экономиканың неолибералды принциптерінде жұмыс істейтін жаһанданудың өзі, жаһандық дихотомияны шиеленістіре түсіргенін, "Оңтүстік пен Солтүстіктің" арасындағы алшақтықты одан әрі ұлғайта түскенін ескеру керек [7]. Бұл орайда экономикалық дипломатия туындайтын даулы жағдайларды халықаралық танылған және келісілген стандарттар, халықаралық құқық пен міндеттемелер негізінде шешуге қабілетті.

Сыртқы саясатта экономикалық әдістерді өзектендірудің басқа факторы оларды шығындар тұрғысынан қолдану

тиімділігінде. Соғыс үлкен салымдар талап етеді және, әдетте, күш көрсетуші мемлекеттің азаматтарымен жағымсыз болып қабылданады, бұл онсыз да үлкен адам жандарының құрбандарына әкеледі. Оның үстіне мұндай саясат халықаралық құқықпен реттелмейді және әлемдік қоғамдастық тарапынан қарсы шараларды белгілеуді болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлемдік деңгейде геосаяси негіздерінен геэкономикалыққа көшу саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін экономикалық дипломатияны пайдаланудың тиімділігін арттырады.

Жалпы алғанда, сыртқы саясат мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда экономикалық әдістердің алдыңғы қатарға шығуын басқа да факторлармен түсіндіруге болады, ол факторлардың артында саяси, әскери, әлеуметтік және экономикалық себептер тұр. Олардың бірі сыртқы саясатта дәстүрлі күштер әдісін қолдануға кедергілер болып табылады, олар халықаралық құқық және халықаралық ұйымдар (БҰҰ Жарғысы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, БҰҰ) белгілеген әскери күшті пайдалануда шектеу бойынша тетікті әзірлеумен байланысты. Сонымен қатар, әскери күш қолдану шектеуі әскери қуатты бөлуден байланысты. Мәселен, әлемнің жетекші мемлекеттерінің едәуір бөлігі ядролық қаруға немесе жоғары әскери әлеуетке ие, бұл өз кезегінде дәстүрлі қару-жарақ түрлерінің айтарлықтай санының бар болуына негізделген. Осылайша, іс жүзінде мұндай мемлекеттерге қарсы әскери қимылдар жүргізу мүмкін емес немесе мұндай әрекеттер едәуір тәуекелдермен ұласады. Сондықтан қысым элементі ретінде дәл осы экономикалық дипломатиямен қоса экономикалық тетіктер орынды болып таңдалады.

Сондай-ақ, экономикалық дипломатияның кеңінен таралуы мен қолданылуының тағы бір факторы деп либералды және неолибералды көзқарастардың пайда болуын санауға болады. Бұл туралы, атап айтқанда, неолибералды институционализмнің ең көрнекті өкілдерінің бірі Р. Кеохейн жазады. Өз еңбектерінде ол екі ел арасындағы түрлі салаларда өзара тәуелділік деңгейінің күрт өсуін айқындап берді, соның ішінде мемлекеттердің өзі мемлекетаралық қарым-қатынастарды толықтай бақылауға қауқары жоқтығын баса айтады. Оның пікірінше, халықаралық қарым-қатынастардың толыққанды субъектілері ретінде ТҰК, ҰЕҰ, жекелеген аумақтар (қалалар, мемлекеттер субъектілері және т.б.), әртүрлі ірі кәсіпорындар, сондай-ақ жекелеген индивидтер болуы мүмкін [8].

Неолибералды дүниетанымдық ұстанымдар бірінші орынға жеке тұлғаның мүддесін шығарады, олардың ең бастысы жеке пайда және еркін нарық саудамен қолдау табатын барынша кең тұтынуға қол жеткізу болып табылады. Экономикалық дипломатия жағында мемлекет пен іскер топтардың бизнес мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен күш-жігері орналасқан, бұлар ұлттық мүддені ілгерлетеді, сауда және инвестицияларға жәрдемдеседі. Мұнда шығындарды, пайданы есептеу ең алдымен экономикалық логикамен жүреді, ал мемлекет экономикасының мүмкіндіктерін барынша арттыру экономикалық дипломатияның негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Біздің ойымызша, экономикалық дипломатия сыртқы саясатты іске асыруда қаттал ықпал ету элементтерін, сондай-ақ зорлықсыз тәсілдерді біріктіреді. Мұнда экономикалық дипломатия "ақылды күштің" (smart power) жарқын үлгісі ретінде көрініс тауып және халықаралық аренада мемлекеттер үшін барынша ыңғайлы болып табылатын сыртқы саясат құралдарын біріктіреді.

"Ақылды күш" тұжырымының теоретигі Дж.Найдың пікірінше [9], мұндай әсер етудің аралас принципі салыстырмалы түрде орта және шағын мемлекеттер үшін ең өзекті болып табылады, олар өзінің сыртқы саяси бағытын іске асыруда неғұрлым аз шығын жұмсайтын және тиімді тәсілдерін таңдай алады.

Тұтастай алғанда, экономикалық дипломатия, оның теориялық және қолданбалы аспектілері қазіргі кезеңде халықаралық қатынастардағы саясат пен экономиканың өзара байланысының неғұрлым толық сипаттамасын береді. Сонымен қатар, экономика және саясаттың өзара әрекетін әрқашан тек экономикалық дипломатия деп санауға болмайды, ол мемлекеттің сыртқы саясатын іске асырушы тетіктерінің бірі, дипломатиялық және экономикалық әсер ету тәсілдерін араластырушы болып табылады.

Тар ғылыми-теориялық мағынада экономикалық дипломатия ғылымның бағыты ретінде айқындалады және ол "сауда-экономикалық қарым-қатынастарды және дипломатия" кешенінің, сондай-ақ мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметіне әсер ететін басқа да факторлар өзара байланысын зерттейді. Алайда, экономикалық дипломатия тек қана ғылыми дискурстың мәні болып табылмайды.

Қазіргі уақытта экономикалық дипломатияны зерттеу кезінде оны мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатынан бөлек қарастыру қағидасы жиі пайдаланылады. Олардың негізгі

айырмашылығы мынада: сыртқы саясатта экономикалық құралдар экономикалық емес, әдетте, саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланылады, ал сыртқы экономикалық саясатта мемлекет экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін экономикалық және экономикалық емес тетіктер пайдаланады [10].

Осы айырмашылықты мысал ретінде Иранға қарсы экономикалық санкцияларды атауға болады. Бұл санкциялар осы таяу шығыс мемлекетінің ядролық қару құру идеясынан бас тартуына бағытталған болатын. Тегеранның жаппай қырып-жою қаруды әзірлеуді тоқтатуында әлемдік қоғамдастық тарапынан экономикалық қысым көрсетудің ықпалы зор болды. Осылайша, біз, бұл экономикалық дипломатия Иранның ядролық проблемаларын шешудегі айқындаушы құрал болғанын көріп отырмыз.

Сондай-ақ, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының мысалы ретінде протекционизмді алуға болады. Мұндай амалға әртүрлі мемлекеттер мезгіл-мезгілмен көбінесе ұлттық өндірушіні жасанды демеп тұру үшін барады. Айта кетейік, алайда, қазіргі уақытта сыртқы экономикалық саясат пен экономикалық дипломатия арасындағы ара-жігін айқын ажырату өте қиын, өйткені елдер жиі экономикалық және саяси қайтарымға бір уақытта қол жеткізуге тырысады.

Алайда, қазірдің өзінде, жоғарыда айтылып кеткендей, саясаттың экономизациялануы және экономиканың саясаттандырылуы процесінің салдарынан қазіргі жаңа ахуалда экономикалық дипломатияны бұлайша түсіндіру жеткіліксіз болып табылады. Экономикалық дипломатия тек қана саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін тек экономикалық құралдарды пайдалануға әкеледі деп анық айту мүмкін емес. Сондықтан, біздің ойымызша, сыртқы экономикалық саясат және елдің экономикалық дипломатиясы арасындағы ара-жігін айқын ажырату мүмкін емес: егер біріншісі экономикалық мәселелерді шешуге бағытталса, онда екіншісі әрдайым саяси мақсаттар мен міндеттерге жетуге ғана шоғырланбайды, ол қатарласа экономикалық мүддені көздеуге қабылетті.

Ғаламдық дамудың қазіргі кезеңдегі экономикалық дипломатияның өзектендіру процесін талдауды жалғастыра отырып айта кетейік, әлемдік экономика құрылымын және оны басқару механизмдерін күрделендіру мен реттеуді, сондай-ақ геэкономика ұғымын ашу арқылы қарастыруға болады. Геэкономика ұғымы ғылыми айналымға американдық саясаттанушы мен тарихшы Э.Люттвакпен енгізілді.

Геоэкономика әлемдік экономика мен интеграциялық процестер дамуының сапалы жаңа деңгейі жағдайында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттің саясатын зерттейтін ғылыми бағыт. Бұл термин ғаламдану процестері толқынында ерекше танымалдылыққа ие болды, өйткені неолибералды мағынадағы экономикалық процестердің үстемдігін негіздеді.

Ұқсас теорияны, дәлірек айтсақ, әлемдік тәртіптің геоэкономикалық жазықтыққа ауысуын француз саясаткері және экономисті, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің бірінші басшысы Ж. Аттали ұсынып отыр [11]. Ол келешекте құндылықтардың әмбебап баламасына айналатын ақша «дәуірі» басталады деп санайды. Осылайша, материалдыққа теңестірілген барлық құндылықтарды анағұрлым басқаруға болады. Ж. Аттали әлемде біртұтас либералдық-демократиялық идеология мен нарықтық жүйені ақпараттық технологиялардың белсенді дамуымен бірге бекіту (фиксациялау) әлемнің біртектілікке айналуына әкеледі және геосаясат әлемдік саясатта екінші орынға кетеді деп ұйғарады.

Осы тұрғыда геоэкономика - бұл геосаясаттың ерекше нұсқасы, онда классикалық геосаясаттың негізін құрайтын, географиялық, мәдени, идеологиялық, этникалық, діни және өзге де факторлар басым түспейді, ал тек қана экономикалық критерийлер басым болады. Басқа сөздермен айтқанда геоэкономика үшін тек экономикалық деректер айқындаушы рөл атқарады.

Сондықтан бірқатар ғалымдар (Ф. Бродель, П. Лоро және т.б.) геоэкономика

геосаясаттан басым дегенді алға тартады, қазіргі заманғы әлемдік тәртіпті "геоэкономикалық тәртіп" ретінде қарастырған жөн деп айқындайды [12]. Алайда, біздің ойымызша, халықаралық жүйенің қазіргі жай-күйі, әліде геосаяси шиеленістердің өршіп тұрғанын ескере отырып, геоэкономика мен геосаясаттың қоспасы деп қарастырған орынды. Бұл жағдайды шартты түрде геоэкономикалық-геосаяси әлемдік тәртіп деп анықтауға болады, ол дәстүрлі геосаясаттың белгілерін сақтай отырып, әлемдік саясатта экономикалық факторлар әсерінің артуына бейімделеді.

Қорытындылай келе, жаңа жаһандық жағдайда экономикалық дипломатияға айтарлықтай көңіл бөлу қажеттілігі жалпы қоғаммен танылып отырғанын атап өткіміз келеді. Әлбетте, саясат экономиканы енді басқармайтыны анық. Керісінше, экономика саясатты жүргізуге қабілетті. Басқаша айтқанда, экономикалық мүдделер сыртқы саяси мақсаттарға қол жеткізуде басты күш қатарынан орын алады.

Бұл ретте, экономикалық дипломатия барлық мемлекеттердің пайдалануына тиімді сыртқы саяси әмбебап құралы болып табылады. Дипломатияның бұл түрі әскери күш қысымын қолдануға ықтимал әлемдегі державаларға да, сондай-ақ, сыртқы саясатта "жұмсақ" күшті қалайтын орта және шағын мемлекеттерге де жарамды. Сондықтан, экономикалық дипломатия мемлекеттің сыртқы саясатының ХХІ ғасырдағы жаңа геоэкономикалық және геосаяси ахуалына бейімделуінің оңтайлы құралы болып ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Robertson R. Globalization: Social theory and global culture. – London: Sage Publications, 1992. – 211 p. – ISBN 1446235882, 9781446235881.
2. Арыстанбекова А.Х. Современные тенденции в международных отношениях – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – С. 272-273. – ISBN 978-601-290-025-5.
3. Мемлекет басшысы ІХ Астана экономикалық форумына қатысты // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [электронный ресурс]. Режим доступа: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/memleket-basshysy-ix-astana-ekonomikalyyk-forumyna-katysty.
4. Инклюзивная глобализация по Нурсултану Назарбаеву // Центр геополитических исследований «Бірлік-Единство» [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://berlek-nkp.com/analitics/5439-cgi-berlek-edinstvo-inklyuzivnaya-globalizaciya-po-nursultanu-nazarbaevu.html>.
5. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы // Қазақстан Республикасы Өділет министрлігі [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000741>.
6. Swiss Economic Institute. Index of Globalization 2017 [электронды ресурс]. Режим доступа: http://globalization.kof.ethz.ch/media/filer_public/2017/04/19/variables_2017.pdf.
7. Hurrell A., Sengupta S. Emerging powers//North–South relations and global climate politics //International Affairs. 2012. – № 3. – P. 463-484. – ISSN 0020-5850.
8. Keohane R. O., Martin L. The Promise of Institutional Theory. — International Security, 1995, vol. 43, Summer. ISSN 0162-2889.
9. Най С. Джозеф младший. Будущее власти. - Москва: АСТ, 2014. ISBN: 978-5-17-081896-9.